

Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы Жаңажол ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 2 қазандағы № 4 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 8 қазанда № 5603 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы Жаңажол ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 12 ақпандағы № 3 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы Жаңажол ауылдық округі әкімінің 12.02.2020 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасы 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына сәйкес, Шал ақын ауданы бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2019 жылғы 05 тамызындағы №18-29/327 ұсынысы негізінде, Жаңажол ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы Жаңажол ауылдық округінің Жаңажол ауылының Есіл, Мектеп, Байтерек және Аққайын көшелеріне , ірі қара малда бруцеллез ауруының пайда болуына байланысты, шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ауылдық округ әкімі

М. Сулейменов